

Шиелі ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту туралы

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 13 мамырдағы № 2/8 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 мамырда № 5514 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекектік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Шиелі ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шиелі аудандық мәслихатының

2-сессиясының төрағасы,

аудандық мәслихат хатшысы:

Ә. Оразбекұлы

Шиелі аудандық мәслихатының

2016 жылғы 13 мамырдағы № 2/8

шешімімен бекітілген

Шиелі ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже

1. Жалпы ереже

1. Шиелі ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы осы ереже "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына сәйкес әзірленді және Шиелі ауданының Құрмет грамотасымен наградтау тәртібін анықтайды.

2. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша талаптар

2. Шиелі ауданының Құрмет грамотасымен (әрі қарай – Құрмет грамотасы) экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылым мен мәдениеттегі, білім беру, денсаулық сактау, құқық қорғау және занылышты нығайту, қызмет көрсету салаларындағы, жастарға тәрбие беру жұмыстарындағы, дене шынықтыру мен спорттағы, әскери және қоғамдық, мемлекеттік және өзін-өзі басқару қызметтерін дамытудағы елеулі жетістіктері, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты және мәдени байланысты нығайтудағы табысты жұмыстары, қайырымдылық қызметі және өзге де сінірген еңбектерін ардақтау белгісі ретінде аудан азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары наградталады.

3. Құрмет грамотасы:

- 1) үміткерді ұсыну сәтінде заңнамамен белгіленген тәртіпте соттылық мерзімі өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) сот арқылы іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;
- 3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық іс-әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылған;
- 4) үміткерді ұсыну сәтінде заңнамамен белгіленген тәртіпте әкімшілік жазасы өтелмеген немесе алынбаған азаматтар наградталмайды.

4. Құрмет грамотасымен қайта наградтау жүргізілмейді.

5. Құрмет грамотасы келесі сипаттамада болуы қажет:

- 1) мұқабаның биіктігінің төрттен біріндегі деңгейде ортасына қарай Қазақстан Республикасының Елтаңбасы орналасқан;
- 2) ортадан сәл төменірек: "Құрмет грамотасы" - деген сөз жазылған;
- 3) оның бірінші бетінде Елтаңба салынған, ал ішкі беттері алтын түстес ұлттық өрнекпен бейнеленген;
- 4) ішкі бетіндегі жазулар қазақ және орыс тілдерінде жазылады.

3. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі.

6. Құрмет грамотасымен наградтау туралы ұсыныс алушының тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылды, білімі туралы, жұмыс орны мен атқаратын лауазымы, тиісті ұйымдағы сәйкес кәсібі немесе лауазымы бойынша саладағы жалпы еңбек өтілі, жетістіктері және наградтары мен құрметті атақтары туралы мәліметтер көрсетілетін ұсыным аудан әкімдігіне ұсынылады.

7. Құрмет грамотасымен наградтау жөніндегі ұсынымдарды еңбек, шығармашылық ұжымдары, аудандық өкілді және атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер атынан олардың басшылары енгізеді және дұрыс енгізілген мәліметтер үшін жеке жауапкершілікте болады.

Ескеरту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 13.11.2024 № 23/25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Құрмет грамотасымен наградтау туралы өз кандидатураларын өз бетімен ұсынған азаматтардан келіп түскен материалдар қаралмайды.

9. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша келіп түскен құжаттар алдын ала қарау және наградтау жөнінде ұсыныс әзірленуі үшін наградтау жөніндегі аудан әкімі жанындағы комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) жіберіледі.

Комиссияның оң қорытындысына сәйкес аудан әкімі мен аудандық мәслихат төрағасының (немесе олардың міндеттерін атқарушының) бірлескен өкімін шығару арқылы Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешім қабылданады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 13.11.2024 № 23/25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын аудан әкімі немесе аудандық мәслихат төрағасы немесе олардың тапсырысы бойынша өзге тұлға тапсырады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 13.11.2024 № 23/25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Құрмет грамотасымен наградтауға байланысты құжаттамалық және өзге де қамтамасыз ету шаралары мен наградталған азаматтардың есебін "Шиелі ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүргізеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 27.12.2021 № 17/10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).